



Х. Ж. СҮЙІНШӘЛІЕВ

**ҰЛЫ ОКТЯБРЬ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІ**

Алматы — 1978

ҚАЗАҚ ССР «БІЛІМ» ҚОҒАМЫ

Х. Ж. СҮЙІНШӘЛИЕВ,
профессор

ҰЛЫ ОКТЯБРЬ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІ

Алматы — 1978

8Каз2+9(с)21
С90


С 90 Сүйіншәлиев Х. Ж. Ұлы Октябрь және қазақ әдебиеті. Алматы,
[ҚазССР «Білім» қоғамы], 1978
36 бет (ҚазССР «Білім» қоғамы).

Кітапшада Ұлы Октябрь Социалистік революциясының қазақ совет әде-
биетінің өркендеуіне тигізген ролі жан жақты ашып көрсетілген.
Кітапша көпшілік оқырман қауымға арналған.

8 Каз + 9 (с) 21

С $\frac{70303-04}{405(07)78}$ 26—78

© Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1978



Октябрь Социалистік революциясынан кейін совет халқының көркем жаңа сападағы әдебиеті негізделді. Қазір совет әдебиеті ондаған тілде шығады. Тең праволы халықтардың әрқайсысы өз ана тілінде көркем шығармалар жасап, бүкіл совет әдебиетінің қорын жыл өткен сайын байыта, дамыта түседі. Әрбір совет ұлты әдебиетінің өзіне тән басынан кешкен тарихы, қалыптасу, даму кезеңдері, жетілу жолдары бар. Совет әдебиетін халықтар әдебиетінің жай қосындысы деп түсінбеу керек, ол әлеуметтік идеяларының бір бағыт ұстауы, гуманистік және эстетикалық принциптерінің бір бағытта болулары жағымен біртұтас көркемөнер боп есептеледі. Әйтпесе, әрбір ұлт әдебиетінің өзіндік творчестволық, формалық өзгешеліктерінің болатыны күмәнсіз. Әрбір ұлт әдебиеті өзінің үлкен, кішілігіне қарамастан туған елінің дәстүрлі көркемөнер тәжірибесін пайдаланып, оны жаңа дәуір талабына сай ілгері дамытады. Өз халқының тіл байлықтарын сарқа пайдаланып, көркемдеу құралдарын жетілте түседі.

Совет халықтары өзара тығыз байланыстағы тағдырлас елдер болғандықтан, бұлардың әдебиеті мен өнері өзектесе өседі. Біріне-бірінің ықпалы, байланыстары болып жатады. Әр ел әдебиетінің жаңалықтары мен жақсылықтары түгел қолдауын табады. Жалпы саны бірнеше мың ғана аз халықтан шыққан өнерпаз, ақын тапқан жаңа бояу, тың образ, көркем көрініс, асыл сөз ескерусіз қалмайды. Оны бар совет өнері қолдап, одан үйренеді. Миллиондар мүлкіне, біртұтас социалистік өнер қазынасына айналады. Олардың мақсат бірлігі, социализм, коммунизм үшін күрес ынтымақтары, антагонистік қайшылықтардың біржола жойылуы достық, қарым-қатынастарын, қалтқысыз көмектесу мүмкіншіліктерін арттырады. Интернационализм достық, рухын-

дағы социалистік мәдениеттің дами түсуіне көмектеседі. Совет өкіметі, социалистік қоғам, коммунистік партия осы халықтар арасындағы достық-ынтымақтың берік қамалын жасап, коммунистік идеал үшін жаңа туындылар беруге бастайды, әр тұста әкелік қамқорлық көрсетіп отырады.

Біріккен көп ұлтты совет әдебиетінің жасалуы — социалистік революцияның жеңуінің совет қоғамының мәдени-әлеуметтік қайта құрылысының, оның социализм мен коммунизмге қарай заңды сапар шегуінің, коммунистік партияның ұлттық, қоғамдық, мәдениет пен өнер саласындағы, дәуірдің алдыңғы қатарлы ғылымына негізделген, әділ де озық саясатының бірден-бір нәтижесі болды.

В. И. Ленин Октябрь Социалистік революциясына дейін-ақ жаңа сападағы әдебиеттің пайда болуының объективтік қажеттігін, оның идеялық-эстетикалық принципті өзгеше әдебиет болуға тиіс екенін дәлелдеп, ол әдебиеттің революцияшыл жұмысшы табымен социализм үшін күресушілер әдебиеті, партиялылығы жоғары әдебиет болуға тиіс екенін атап көрсеткен еді. Ол әрбір халықтың ұлттық мақсаттарын таптық-әлеуметтік мақсаттарына ұштастыра дұрыс түсінуді үйреткен болатын. Интернационалдық мақсатты жоғары көтере отырып, Ленин әрбір халықтардың ғасырлар бойғы бойына сіңген тарихи-әлеуметтік өзгешеліктерін, рухани мәдени ерекшеліктерін ескермеске болмайтынын да арнайы атап көрсеткен-ді. Совет Одағының Коммунистік партиясы көсем көрсеткен сара жолмен совет әдебиетінің жер жүзінде ең алдыңғы қатарлы озық идеялы, көркемдігі жоғары шын мәніндегі көркемөнер дәрежесіне көтерілуіне талмай басшылық етіп келеді.

Шынында да совет әдебиеті адам баласы мәдениетінің даму тарихында жаңа кезең болды. Оның жержүзілік маңызы мен беделі — оның қоғамды революциялық жолмен қайта құру тәжірибесін қорытып, адам баласына социализм, коммунизм, еркіндік, прогресс, бейбітшілік, достықтың жоғары идеяларын табыс етті.

Революцияшыл-гуманистік идеялармен суарылған совет әдебиеті адам баласының мүмкіншіліктерін сендіре алады, өмірге қызыға, ерекше ынта-жігермен, оптимистік сезімде ілгері баса беруге жетелейді. Буржуазия

әдебиетіндегі сенімсіздікке, пессимизмге қарсы соққы береді.

Совет әдебиеті — көркемөнер тарихында принципті түрде жаңашыл әдебиет. Ол жержүзілік социалистік әдебиеттің ең тұңғышы. Бұл тәрізді көп ұлтты жаңа әдебиетті әлем тарихы бұрын-соңды білген де, көрген де емес. Совет әдебиетінің негізгі методы — социалистік реализм. Бұл көркемөнер әдісін Жазушылар одағының бірінші съезі (1934 ж.) жариялады. Онда совет әдебиетін негіздеуші А. М. Горький баяндама жасап, жаңа біртұтас көп ұлтты совет әдебиетінің жасалғанын хабарлады. Совет халықтарының туысқандық бірлігінен, мақсаттас-тығынан туған жаңа әдебиеттің жетістіктерін қуанышпен атай келіп, оның негізгі көркем методы — социалистік реализм болатынын хабарлады. Жазушылардың I съезі совет әдебиетінің эстетикалық принциптерінің бірлігін, социалистік реализм әдісінде дамитынын, оның жержүзілік көркемөнерінде жаңалық боп танылғанын айқындады. Социалистік реализм әдісінің көркем метод ретінде танылуында, оның бойындағы қасиеттерді, ерекшеліктерді зерттеп, жүйелеуде А. М. Горький қосқан үлес орасан. Съезд Уставында социалистік реализм анықтамасы берілді, өмірді шындық тұрғыда таныту, нақтылы тарихи болмысты революциялық өзгеріс үстінде бейнелеу мақсаттарын атап көрсетті. Социалистік реализмнің әрбір ұлт әдебиетінде өзінше өрістеп отыратынын, оның ұлттық дәстүрге қайшы келмейтінін, қайта оның өміршең боп, әдебиеттің қоғам құрылысына белсенді араласуын, жауынгерлік рухта болуын, партиялығы мен халықтығын талап етті. Социалистік патриотизм және ұлттық мұраны қадірлеу, еңбекші халықтың ғасырлар бойы жасаған алтын қазынасы негізінде жаңа өнердің қабырғасын қалап әшекейлі күмбезін тұрғызу, социалистік Отан мүдделерін жоғары көтеріп, әрбір совет азаматының қырағылығын, Отаны алдындағы міндеттерін, социалистік жеңістер жемістерін сақтай білуге даярлықтарын арттыра түсуге меңзеді.

Совет әдебиеті нағыз адамгершіл-гуманистік әдебиет. Оның өсу жолы әрбір ұлттар әдебиетінің өсу тарихымен байланысты әртүрлі кезеңдерді басынан кешті.

Октябрьден кейін сан ұлттар әдебиетінің сол кездегі өсу сатысының өзі әртүрлі болатын. Россия империясына қарасты ұлттардың кейбірі Октябрьге дейін буржуа-

лық қоғамдық формацияны бастарынан кешпей, тікелей феодализмнен социализмге аяқ басты. Капитализмнің жоғары сатысына көтеріліп келіп, социалистік революция жеңісін қабылдаған елдер мен феодалдык-патриархалдық құрылыс сатысында келіп қосылған ұлттар мәдениеті, әрине, бірімен-бірі тең түспейді. Бұлардың өсу жолында талай қиындықтар, қарама-қайшылықтар, ұлттық тұйықтық, мәдени әлсіздіктер орын алып отырады. Оның үстіне, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында совет әдебиеті әртүрлі идеологиялық қайшылықтарға, шовинистік, ұлтшылдық, буржуазиялық, идеяларға қарсы күрес жүргізуге тиіс болды.

Бұл кезде совет әдебиеті социалистік революция мен Совет өкіметінің жеңістерін нығайтып, совет халқының санасын оята түсу міндеттерін атқарды. Үкіметіміз бен партиямыздың әр тұстағы саясаттарына үн қосып, совет халықтарын жаңа дәуір рухында тәрбиеледі. Таптық, әлеуметтік теңсіздіктерді түп тамырымен жою, жаппай оқып, сауат ашу, ескі сенімдер мен діни түсініктердің тамырына балта шабу, жаңа қоғамның иелері — пролетариат басшыларын тәрбиелеу, жаңа экономикалық саясатты іске асыру, елімізді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, т. б. қоғамдық саяси-әлеуметтік науқандар совет әдебиетінің белсенділігін, саяси күреске бейімділігін арттырған тарихи факторлар болды. Бұл тұстағы совет әдебиетінде (1920 ж.) үгітшілдік, ұраншылдық басым, жанр жағынан кейбір ұлттар әдебиетінде поэзия ғана оперативтік жанрға айналды. Әсіресе бұрыннан қалыптасқан прозасы мен драматургиясы жоқ ұлттар әдебиеті осындай болды. Ал алдыңғы қатарлы, озық дәстүрлі әдебиеттер барлық жанрлардағы жаңа сападағы көркем туындыларға ие болды.

Алғашқы бесжылдық тұсындағы совет әдебиеті өзінің, «адамтанытушылық» ролін атқара бастаған көркемдік дәрежесі де көркейіп, түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет дәрежесіне көтерілген өнерден саналады.

Көптеген белгілі прозашы жазушылар тек өз кезін ғана емес, өткен мен болашақ мақсаттарын қабыстыра ұлы оқиғаларды желі етіп ұлы туындылар жасауға кірісті. А. Фадеев, А. Толстой, Н. Островский, В. Катаев, Айбек, Б. Майлин, С. Мұқанов т. б. үлкен эпикалық өрнек жасады. М. Шолохов, М. Әуезов т. б. көп томды эпопеяларын жаза бастады. Осы тұста совет прозасы

едәуір бой салып, әлемдік аренаға шықты. Көркемдік тәсілге жетілу, өмірдің шынайы бейнесін типтік образдар арқылы таныту дәрежесі биіктеді.

Совет жазушыларының қатары Ұлы Отан соғысы тұсында нығая түсті (1941—1945 жж.). Гитлерге қарсы соғыста совет жазушылары рухани жеңісті қамтамасыз еткен орасан күш болды. Олар социалистік қоғам азаматтарының идеялық шыныққан, мызғымас ерліктерін танытты. Мыңнан астам совет жазушысы өз еркімен сұранып, майданға аттанды. Соғыс жылдары совет жазушыларының аянбай еңбек еткен ең қысылтаяң кезеңі. Майданның әр тұсында совет жазушылары окоптағы солдат пен офицерлер ерлігін, артиллеристер мен ұшқыштар қайсарлықтарын қатар жүріп көрді. Олар туралы ерлік жыр, әңгіме, повесть, кинолента, фото, радио репортаждар жасады. Совет әдебиеті жауынгерлердің фашизмге деген мейірімсіз өшпендіктерін арттырып, өжеттікке, қайсарлыққа, ерлікке тәрбиеледі. Ел-жұртты жауға қарсы тәрбиелеп, майдан қажетін даярлай түсуге де көмектескен партиямыздың ең сенімді үгіт құралына айналды. И. Эренбург, А. Толстой, М. Шолохов, Л. Леонов, А. Фадеев, Я. Галан, В. Василевский, П. Панча, А. Алла, Д. Демирчин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов т. б. атақты сөз зергерлерінің шығармалары, тамаша ақындарымыз бен ән-күй өнер қайраткерлері де үгіт-насихат шығармаларын халық жүрегіне от салғандай жалындата шертті.

Ақындар атасы Жамбыл Жабаев бастаған халық ақындары Нұрпейіс Байғанин т. б. жауға қарсы өзінің оқтан жүйрік, қылыштан өткір сөздерін совет солдаттарының зеңбіректеріне қоса, жер сілкінте фашистер шебін талқандауға арнады. Т. Жароков, А. Тоқмағамбетов, Ғ. Орманов, Ә. Тәжібаев т. б. ақындарымыздың тамаша жауынгер туындылары кең тарап, тыл мен майдан шебін аралап кетті. В. Лебедев-Кумач, Д. Бедный, М. Рыльский, М. Бажан, Я. Купала, Г. Леонидзе, Х. Алимжан т. б. өлең-жырлары әрбір жауынгердің аузында, әскери сапта да, окоп-блиндаждарда да айтылып, оқылып жатты.

Соғыс кезінде жазған совет жазушыларының майдан тақырыбына шығарма арнамағаны жоқ. Олардың әрқайсысы өздерінің творчествосының бар күші, бар дауысымен отан үшін жауға қарсы айқасқа үндеумен болды. М. Алигер «Зоя», П. Антаколский «Ұл», М. Светлов

«Жиырма сегіз», А. Лахути «Таняның жеңісі», Қ. Аманжолов «Ақынның өлімі туралы аңыз», А. Твардовский «Василий Теркин» т. б. ерлік шежіресіндей шығармалар жасады. Майданның қақ ортасында жүріп қаза тапқан, немесе фашист тұтқын азабын тартқан батыр-жауынгер жзушылардан — Мұса Жалил, Абдолла Жұмағалиев, Баубек Бұлқышев сияқтыларды совет әдебиетінің ең аяулы перзенттері десе болады. Майдан мекнаттарын бастан кешіп, қан құйлы жаумен алыса жүріп қаламдарын қанжарларына қоса жұмсаған таланттар санын да түгел атап шықса артық болмас еді.

Соғыстан кейінгі жылдардағы совет әдебиеті бар салада ерекше қарқынмен дами түсті. 50—60 жылдарда КПСС XX — XXIII съездерінің қаулы-қарарларымен рухтанған совет әдебиеті тың белеске қадам басты. СССР Жазушылар Одағының II съезі (1954 ж.), III съезі (1959 ж.), IV съезі (1967 ж.), V съезі (1971 ж.) өтті. Бұл съездер белгілеген міндеттерге совет әдебиеті әр тұста зор үлес қосты. Партия белгілеген межеден шығу мақсатында аянбай еңбек етіп келді. Жаңа өсу кезеңін бастап, соған сай бағалы еңбектер бере бастады. Бұл кейінгі кез әдебиетіне тән қасиет жай үгіт, насихаттан көрі көркемдік сапа жағын арттыру адам тағдырына терен бойлап, кейіпкерлер психологиясының лирикалық сезімдерін аша түсуге, сүйтіп, көркем шығармаларының әсерлілігін, көркемдік құнын жоғарылатуға күш салды. Қандай тақырыптарда болсын кейіпкер образдарын дараулау, типтендіру, тіл шешендіктерін арттыру, қонымды бояу тауып, сүйкімді шығарма жазу талаптарын алға қойды. Социалистік реализм әдісінің бар мүмкіншіліктерін кең де жетік пайдалануға тырысты. Бұл талаптардың жемістері де айтарлықтай.

Көркем стильдің жан-жақтылығы, тақырып пен идея байсалдылығы, образ, характер байлығы, тіл нақыштарының жетіле түсуі, творчество жауапкершілігі, нәзік жүрек сырын бейнелегіштік, эстетикалық биіктік, бұрынғы дәстүрлік формаларды байыта, молайта, жетілте түсу — міне, осының бәрі, соңғы жылдардағы совет әдебиетінің нысанасы. Көптеген жаңа жақсы шығармаларға тән үлгілі қасиеттері. Кейінгі он жыл туындылары ішінде, роман-эпопея жазу совет прозашыларының тындырып жатқан табыстарының бірі.

Көп ұлтты совет әдебиеті, соның ішінде қазақ әде-

биеті өзінің өсу тарихында халқымыздың шыншыл тарихи шежіресі ролін атқарған ең алдыңғы қатарлы әдебиет болды деп айта аламыз. Совет елінің ерлік күрестерін бейнелеген тамаша туындылары жер жүзі прогресшіл адамзат мәдениеті тарихына зор үлес боп қосылды. Одан социалистік елдер әдебиеті, бостандық үшін күресуші ұлттар жазушылары көп тәлім тәжірибе алмақшы... Совет әдебиетінің алдында СССР-дағы коммунистік құрылыстарды кең қамтып, совет адамдарының ерлік-патриоттық образдарын мүсіндеп, түрі ұлттық, мазмұны социалистік көп ұлтты мәдениетімізді өркендету, халқымыз рухани тәлім-тәрбие беруде партиямыздың сенімді көмекшісі бола білу сияқты жауапты да құрметті міндеттері тұра береді. Сөйтіп, қазақ әдебиеті оғаш қалмай басқа да совет халықтары әдебиеті қатарында, солармен қоянқолтық өсіп жетіле түсті. Советтік социалистік Отанымыздың рухани байлығы қорына сан туындыларымен қосылды.

Көп ұлтты совет әдебиетінің көрнекті бір саласы — қазақ совет әдебиеті. Одақтас туысқан халықтар әдебиеті қатарында талмай өсіп, бірден-бір есейе түскен қазақ совет әдебиеті өз бойындағы барлық творчестволық талантын Коммунистік партияның жеңімпаз пролетарлық интернационализм туы астында шарықтата дамытып келеді. Қазақ совет әдебиеті — халықтар достығы мен ағайындық ынтымағының жалынды жыршысы, советтік патриотизм идеясының күрескері. Қазақ совет әдебиеті біздің елімізде толық жүзеге асқан ұлттар теңдігінің негізінде өркендеп отырған әдебиет. Совет Одағының бар ұлттары мен халықтары бірімен-бірі туысқандықпен араласып, саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынас жасап, социалистік қоғамның мызғымас күшінің берік тірегі есепті өзара адал ниетті достықты бірден-бір нығайтты; оны болаттай берік күшке айналдырды. Өмірдегі өзара аралас, достық-ынтымақ халықтар әдебиетіне негізгі тақырыпта болып қалыптасты.

Қазақ совет әдебиеті қазір қалыптасқан халықтар достығы тақырыбын мейлінше мол көтеріп, оның қазіргісі мен өткенін түгел бейнелеп беруде.

Совет Одағы жазушыларының II съезіне жолдаған құттықтауында, КПСС Орталық Комитеті туысқан республикалар әдебиетінің көркейіп өскендігін атап көрсеткен болатын. Ол құттықтауда «Совет Одағында заманы-

мыздың озық идеяларын бейнелеп отырған тарихи зор маңызы бар көп ұлттық көркем әдебиет құрылды» деп жазылған.

Сол көп ұлтты көркем әдебиеттің бірі болған қазақ совет әдебиеті ұлы достық тақырыбын жырлауға да өзіне дейінгі ұлттық бай ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің жақсы дәстүрлерін бойында сақтай білді. Сонымен бірге, ол ұлы орыс әдебиетінің қазіргі озық үлгілерін де меңгеріп келеді.

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бұл игі тақырыпқа үн қоспай қалғаны жоқ. Жазушыларымыздың аға буыны бастаған қалаулы тақырыпты жырлаудан зор талапты өскелең жас буыны да қалысар емес. Осылай жаппай кірісу нәтижесінде, қазақ әдебиетінде де халықтар қаһармандығын сыйпаттайтын үлкен эпопея жасалуда.

Түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ совет әдебиетінің әрбір тарихи өсу кезеңінде, бұл тақырып әр алуан әдеби салада — жанр түрлерде айқын көрініп, барынша жарқын сыйпатталады.

Шоқан, Абай, Ыбрай дәстүрін жалғастыра жыр төккен Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Сәбит Дөнентаевтың жалынды жырларында да бұл тақырыптың орны зор болған еді. Европаның озық білімін үйреніп, халқы үшін қызмет етуді өмірінің нысанасы етіп қойған бұқарашыл ақындар революцияны, оның көсемі Ленинді үлкен сезіммен жырлады. Бұлардың шығармаларында ұлы достық идеясы барынша айқын бейнесін тапты.

Совет әдебиетінің жас буыны жиырмамыншы жылдардың өзінде Октябрь жемісін жырлап, коммунистік интернационализм идеясына үн қосты. Бар елдің пролетарлары бір тілектес, бас қосып тап жауынан кегінді ал деген ұрандарға үн қосып жатты. Сондай-ақ, Коммунистік партия мен оның көсемі — Ленинді ардақтады. Олардың бар халыққа ортақ екенін түсіндірді Алғаш көрінген ақындарымыз: С. Сейфуллин, Б. Майлин, Т. Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Баймағамбет Ізтөлин, Шолпан Иманбаева, С. Шәріпов, Иса Байзақов, Жамбыл Жабаев т. б. осы советтік идеяны қазақ әдебиетінде алғаш көтерушілер болды.

Қазақтың тұңғыш революционер — большевик ақыны С. Сейфуллин өзінің барлық саналы өмірін, күш-қуаты мен талғам талантын азаттық күрес жолына, проле-

тарлық интернационализм идеясын насихаттауға арнады. Қазақ поэзиясына революциялық пафос пен коммунизм ұранын енгізуші болды. Оның «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы 1917—1921 жылдар арасында жазылған қазақтың революцияшыл поэзиясының жақсы үлгілерінен саналады. Ал «Бақыт жолында» (1917), «Қызыл сұңқарлар» (1920) пьесалары қазақ драмасының тұңғыштары, большевизм идеясының сахналық жаршылары еді. Жазушының азаттық үшін күрес жолы оның «Тар жол тайғақ кешу» романында кең суреттеліп, әр ұлттан шыққан күрескерлердің ерлік бейнелері жасалды. Контрреволюционерлер қолына, ақтар тұтқынына түскен қаһарман большевиктердің өз өмірлерін интернационализм идеясына құрбан етулері, езілген халықтар азаттығы үшін күресіп, сол жолда қаза табулары, тұрақты да айбынды күрес үлгілерін көрсете білулері шынайы да шебер бейнеленеді.

Ертерек шыққан өлеңдері ішінде «Жас қазақ марсельезасы», «Қызыл ерлер», «Жолдастар» нағыз ұраншыл поэзия, большевизм идеясының жаршысы. Мысалы:

«Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас бірігіп тізе қос» —

деп басталатын «Жас қазақ марсельезасы», немесе:

«Дүниенің барлық жарлысы,
Бауырмыз біздің жұртымыз» —

деп жар салған «Қызыл ерлері»,

«Кедей ұлы жігерлі,
Бірігіп ұран салып қал!
Қызыл тулы майданда
Босандықты алып қал!» —

деп келетін «Жолдастары» заманының ең маңызды мәселелерін қозғаған ықпалды шығармалар.

Поляк, жапон ақындарына арнаулары да ұлттар достығы идеясына үндейтін шығармалар. Социалистік құрылыстың алғашқы қарқынын жүйрік экспресс, жүйткіген кара айғырға (паровозға) салыстыра жыр төкті.

Ақын тебіренісінің тағы бір сыры пролетарлар көсемі Лениннің өліміне байланысты өлеңдерінен айқын көрінді. «Қайғылы хабар», «Қаралы күн», «Альбатрос», «Ленин ордені» шығармалары кеменгер бейнесін халық

сүйіспеншілігіне бөлей суреттеген ақын жүрегінің жыры болатын. «Альбатрос» поэмасында көсем бейнесін, оның сара жолын жер жүзі пролетарларына танытуға тырысты. Ленин есімі өмірдің барлық саласына еніп, оның туы бар жерде желбіреп, жеңіске жетелеп жатыр деп шаттанады ақын. «Польша жұмысшылары уәкілдеріне» арнауында да ақынның пролетарлық интернационализм идеясын уағыздағаны айдан анық.

Советтік социалистік құрылыстың салтанаты, еңбек адамдары, оның табыс-жеңістері ақын өлеңдеріне дем беріп, шабытына қанат бітіріп жатты. Қойшы, малшы, жалшы, жұмысшы, кенші, теңізші, қызыл әскер, темірші, ұста, сылақшы, құрылысшы т. б. еңбек адамдары ақын шығармаларының негізгі арқауы, оның сүйсіне жырлаған тақырыбы «Жер қазғандар» (1928), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929), «Альбатрос» (1933), «Қызыл ат» (1934), «Социалистан» (1935) т. б. көлемді де көркем шығармалары достық, еңбек советтік идеяларының жарқын көрінісі болды. Ақын өзінің «Маузер» атты толғауында революционерлер жолын, олар орнатқан жаңа өмір тағдырын келешек иелеріне, жас ұрпаққа мұқият тапсырады. Ол ойларын ақын революция жауларына қарсы күресіп, майданда ерлікпен қаза тапқан әкенің өз баласына жолдаған сәлемі мен тапсырған маузері арқылы символдай бейнеледі.

Ільяс Жансүгіров те пролетарлық интернационализм рухында жазған талант иесі. Ол өзінің 18—20 жылдарда жазған алғашқы шығармаларының өзінде езілген елге еркіндік әперген Октябрьді, оның жер әлемді жарқыратқан сәулелі қызыл туын ардақтай жыр төкті

Неше жүз жыл толғатып,
Жердің жүзін қозғалтып,
Қолға атып жердің тұтқасын,
Туған қызыл жалаусың!

Ақын халық ісіне белсене араласып, советтік шындықты құштарлана жырлады. Езілген кедейлердің көзін ашып жаңа дүниенің сырын түсіндіруге құлшына кірісті. Тең праволы социалистік құрылысты тезірек өркендету үшін жан аямай ат сала кірісті.

«Арылтамыз аспанды аршып тұманнан,
Тазалаймыз жерді жонып жуаннан.
Тапсыз, тату, мерекелі, өнерлі,
Ел жасаймыз еңбегіне қуанған».

Еңбекші халықтарды бақытқа бастап отырған партиямыз бен өкіметіміздің қалтқысыз қамқорлығын паш етерлік «Ортақшыл партияға» (1920) өлеңін жазды. Бүкіл еңбекшілердің көсемі В. И. Ленинді ақын адал жүректен шыққан ыстық сезімді сөздерімен бейнелеуге күш салды.

«Ұштасқан үш тілек» (1927) және «Дала» (1930) шығармаларында патша заманында өзара пышақтасып келген наразы ұлттар тілегі бірігіп, достасып, жаңа өмір сапарына қол ұстасып, бірге аттанып жатқанын үлкен шаттықпен жырлайды. Балғалы жұмысшы, қолорақты мұжық — дикан мен малшы қазақ жалшылардың бірігіп «үш тілектің ұштасуы» ретінде бейнелеп ақын тебірене түседі.

Үшеуіміз бірге аттандық
Ұштасқан соң үш тілек.

Еңбекшілерге ақын «табың жуық ұлтыңнан», «ұлт пышағын тастатып, тап құшағын жайыңдар» деп тап құшағына жиыла түсуді уағыздады. «Ұлтшылдар мен ұлы орысшылардың» арам пиғылдарын әшкерелеп, оларға лағнат айтты.

Ілияс өзінің ең жақсы өлеңдерін советтік жаңа өмірді ардақтауға арнады. Социалистік құрылыстың әрбір қадамына қуана үн қосып, жаңарып жатқан қазақ ауылының жарқын бейнесін суреттеді.

Қазақ совет әдебиеті кеменгерінің бірі Бейімбет Майлин әрбір еңбегінің өзекті арқауы езілген еңбекшілердің еркіндік үшін айбынды күрестерін бейнелеу, олардың үстемдер қоғамын құлатып, жаңа да жарқын өмір орнату жолын, Лениндей көсем бейнесін, Октябрь, партия ұрандарын тебірене жырлау.

Қазақ халқының бостандық үшін күрестерін, 1916 жыл оқиғасын бейнелеп шығармалар жазды. Ұлт азаттығы үшін күресіп қаза тапқан ұлдарын ардақтады. «Қара күн», «Қанды тұман» (1917) өлеңдерінде патша жандармдары мен оның қазақтан шыққан жендеттерінің ел басына орнатқан ауыр күндері, қайғы-қасіреттері шынайы бейнеленеді.

Қазақ еліне әлек боп тиген ұлтшылдар ылаңын әшкерелеуде де («Садақбай») Бейімбет шығармалары зор роль атқарды.

Октябрьді, советтік құрылысты, Ленинді, күл-күндер өмірін жырлаған ақын шығармалары өте әсерлі. «Құтты болсын мейрамың», «Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз», «Ұлы күнгі ұлы тілек», «Құр жылама», «Кедейге», «Мырқымбай», «Ленин мектебі», «Күнікей», «Зайгүл», «Қашқан келіншек», «Шұғаның белгісі», «Күлпаш», «Қырмызы», «Кедей теңдігі», «Раушан коммунист», «Қолхоз қорасында», «Қырманда» т. б. шығармаларында таптық күресте шыныққан ел еңбекшілерінің бейнесі, партия мен Ленин жолының ілгерілеуі, қазақ қыздарының бас бостандық үшін күрес тарихы, азаттық алған әйелдердің өркендеген өмірі, қазақ ауылындағы жаңа өмірдің жақсы көріністері айқын бейнелерін табады. Бейімбеттің шығармаларында ұнамсыз мінез-құлықтар әрдайым әшкереленіп, бай ма, кедей ме, қайсысында болса да адамшылыққа жат мінездерді қатты сынайды.

Совет үкіметі кезінде қайта жасап, ақындық жаңа шабытқа ие болған Жамбыл өзінің ұзақ жылдық творчествосында ел өмірі мен Октябрь жеңістерін толғады. Жамбыл өзінің жаңа дәуірінде коммунистік партияның басшылық ролін, көсемдерін, ерлері мен қолбасшыларын, совет халықтарының мызғымас достығын ерекше шабытпен жырлады. Халықтар достығын, туысқандықынтымағын нығайтудағы партия ролін, совет үкіметінің ұлттық саясатын шебер суреттеп, жыр нөсерін ағызды. Өзінің «Отанды сүй» өлеңінде:

«Тірегім большевиктер елге ұйтқы,
Өмірге өріс берген жалғыз жүрек,
Сол жүрек ел достығы, берік бірлік,
Бірліксіз болмақ еді қандай тірлік,
Әлемдік адал адам бақыт үшін
Жығылмас ырысты ту сол өмірлік» —

дейді.

С. Мұқановтың, М. Әуезовтың көрнекті еңбектерімен бірге Ғ. Мұстафиннің «Өлім не өмір», С. Ерубаеттың «Менің құрдастарым» повестері, Тәжібаев, Сыздықов, Әбдіқадыров, Орманов, Тоқмағамбетов, Жароковтардың поэмалары мен өлеңдері жазылды, Иса, Жамбыл, Нұрпейіс ақындар өлеңі Октябрь жеңістерін паш етумен болды.

Қазақтың 30 жылғы көрінген драмалық шығармалары пролетарлық үстемдік, советтік шындықты барынша қамтыды. М. Әуезовтың «Шекарада», «Ақ қайың»,

Ғ. Мүсіреповтың «Аманкелді», С. Мұқановтың «Күрес күндері» т. б. пьесалары советтік дәуірдің табыстарын танытты.

Ұлы Отан соғысы совет әдебиетінің алдына жаңа мақсат ұсынды. Басакөктеп кірген Гитлершіл қарулы күшке қарсы совет халықтарын тегіс және тез қатыстыру керек болды.

Өз күштерін Отан жауын жеңу үшін аямай жұмсап жатқан халқымен бірге совет жазушылары да аттанды. Жауға деген халық наразылығын оятып, өзара берік ынтымақпен ерлік күш көрсетуге баулыды. «Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ», «Ұйымшылық жеңістің кілті», «Халық достығы — жеңістің ұйытқысы» деп халықтың өзі айтқандай, достық идеясын ерекше қозғау мақсаты алда тұрды.

Совет жазушыларының алдыңғы қатарлы өкілдері совет халықтарының ынтымақтығы мен ерліктерін сыйпаттап, сол соғыс үстінде-ақ талай туындылар берді.

Майдандағы ерлердің қимылы мен тылдағы еңбек, майданға көрсетіліп жатқан көмек, халықтарымыздың отаншылдық, ерлік дәстүрлері, бірлік-ынтымақтары сол кез поэзиясына ең берік арқау болып отырды. Қазақ ақындарының бұл тақырыпты шабыттана жырламағаны жоқ.

Аға ақын Сәбит Мұқанов өзінің соғыс жылдары жазған бірнеше өлеңдерінде, жеңістің тірегі партия, көсем, ынтымақ, совет халқы деп көрсетті. Ондай өлеңдерінен саналатын «Мұнай бер», «Жеңіс біздікі», «Біздің күш», «Гвардеец бауырларға» тағы басқалары.

Соғыстан соңғы бейбіт өмірдің алуан саласында ақын халықтың ынтымақты күштерін де суреттеп отырды. «Жапанды орман жаңғыртты» атты жалынды поэмасында ақын Т. Жароков қазақ жеріне бірінші емен екен Сидорды сүйсіне жырлайды. Одан кейінгі «Қырда туған құрыш» атты поэмасында да өндіріс басындағы өмір шындықтарын, халықтар достығы мен патриотизм идеясын қабыстыра білді. Мұнда ақын орыс жұмысшыларының тәжірибесін қазақ жұмысшыларының игеру жолдарын Попов пен Темірбек образдары арқылы танытты. Парторг Парамонов, партия басшысы Попов тәжірибелі қарт жұмысшы. Бұлар Темірбектің адал достары, ақылшы ағалары. Еңбек үстінде достасқан бір тілектегі совет адамдарының бейнесінде суреттеледі.

Ақын Хамит Ерғалиев өзінің көптеген өлеңдерінде Отан қорғау, патриотизм идеясын жырлап, совет елінің жеңілмес күшінің негізі халықтар достығында жатқанын танытарлық шығармалар жазды. Оның: «Ленин туы астында», «Москва», «Халықтар достығы», «Дунай», «Ұлы достық», «Қартая білмес махаббат достық», «Қырғыз досыма» т. б. өлеңдері дерлік халықтар достығы тақырыбын көтереді. Орыс, қазақ, қырғыз, украин, кавказ, литва халықтарының интернационалдық достығын, ерліктерін үлкен шабытпен жырлады.

А. Тоқмағамбетов өзінің көптеген шығармаларын ерлік достығы идеясы тұрғысында жазды. Патриотизм идеясының бөлінбес бөлегі сияқты халықтар ынтымағы соншалық біртұтас алынып, өзіндік бояуын табады. «Достық», «Аға, іні туысқан», «Москва», «Кавказға» т. б. өзіндік сырымен ерекше, достық сезімі күшті өлеңдер.

Қасым Аманжоловтың «Ленин», «Сұңқар жыры», «Ақын», «Ұлы Октябрь», «Испания ұрпағына», «Кремль», «Отан үшін жан пида», «Сүйемін мен испанканы» т. б. өлеңдері достық сезім мен бауырмал ыстық жүрек жалынына, туысқандық мейірімге толы.

«Отанымыз ССРО бақыт, үміт тірегі,
Астанамыз бақыт құшқан — жер жүзінің жүрегі.
Алып жүрек секунд санап, шаттық кернеп соғады,
Сокқан сайын құлпырады, дүние бақыт одағы» —

деп жалынды ақын СССР халықтарының берік одағын зор қуанышпен жырлайды.

Ғали Ормановтың өлеңдері де өз Отаны мен халқына деген ақынның шын жүрек жырындай естіліп жатты. Оның елін, жерін, халық бірлігін сүйсіне айтқан өлеңдері желдей есіп, тылы мен майданына тегіс тарады. «Москва», «Жау ізі», «Солдат сыры», «Автомат» т. б. өлеңдерінде ақын туысқан халықтардың бір тілекті жауынгерлік бейнесін көрсетті. «Отан», «Емен» т. б. өлеңдерінде отаншылдық идеяны ту етті.

Әбділдә Тәжібаев та өзінің үнді, ұранды поэзиясымен соғысқа араласты. Оның үлкен сезімді өлеңінен саналатын «Ленинград» атты өлеңінің мәні ерекше. Ақын Ленинградқа деген өз сезімін халқының сезіміне ұштастырып, шебер суреттейді. Ленинградты өзінің Лениндей сүйетінін, қазақ халқының да бұл қаланы ерекше ардақтап, оған қанын төгіп, жан беруге даяр екенін өте нағымды көрсетті.

Кейбір қазақ ақындары жауынгер есебінде майданға қатысып жүрді. Соғыс өртін өз көзімен көріп, оның жалынына күйіп, қиындығын өз басынан кешірген қазақ ақындары ол жәйді ерекше шабытпен жырлады.

Әбу Сәрсенбаев, Жұмағали Саин, Қасым Аманжолов орыс, украин, белорус, эстон, латвия жерлерінде жүріп жауға қарсы соғысқан қазақ ұлдары мен қыздарының сол жер халықтарына деген туысқандық сезімдерін үлкен патриоттық пафоста сыйпаттады.

Дихан Әбілевтің «Россияға қайтқанда», «Азияның адырынан» т. б. өлеңдері халықтың ерлік, достық идеясының жемісі болды.

Ақын Қалижан Бекхожин өлеңдерінің көпшілігі халықтар достығы, ерліктері тақырыбын қозғайды. Әсіресе, «Орыс халқына», «Украинам менің», «Василиса Барабаш», «Кездесу», «Қосылған қоныс», «Маяковский ескерткішіне», «Келдім батбақ даладан», «Орыс әні», «Келдік Волга-Доннан біз», «Түрікпен қызы», «Назым Хикметке», «Қытай халқына» т. б. атауға болады.

Ақын Жұбан Молдағалиевтың «Достық жыры», «Бейбітшілік армиясы», «Украин жалауы», «Ажалсыз адам», «Орал туралы ойлар», «Мұса Жалил», «Менің Қазақстаным» т. б. өлеңдері отаншылдық, достық идеяға толы. Еркін өмірге ие болған халықтар ерлігіне сүйсіне жыр шерткен ақын.

28 панфиловшылар, Төлеген, Мәншүк, Әлия, т. б. батырлар образын жасайтын дастандарда да халықтар достығы толық сыйпатталып жатты.

Қазақ ақындарының кейінгі толқындарын бастаған М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев т. б. ақындар творчествосына дем берер озық идеяның бірі осы советтік шындық, патриотизм, халықтар достығы. Олардың еңбектері интернационализм, патриотизм рухымен суарылған шабытты жырларға толы.

Соғыс жылдарында және одан кейін шыққан драмалық шығармалардан да советтік социалистік идеясын көру қиын емес. Ірі драматург — М. Әуезовтың «Сын сағатта» пьесасы, Ә. Әбішевпен қосылып жазған «Намыс гвардиясы» терең ойлы, халықтар достығы идеясына суарылған патриоттық шығармалар.

Сондай-ақ жан-жақты талантын, драматургияға да өз үлесін қосқан көрнекті жазушымыз С. Мұқанов со-

ғыстан соңғы жылдары өзінің «Шоқан Уәлиханов» пьесасын жазды.

Ә. Тәжібаевтың «Гүлден дала» пьесасында қазақ ауылындағы жаңа тұрмысты, колхоз шаруашылығы перспективасын көрсету үстінде жақсы табыстарға жетті.

Сондай-ақ драматург Шақмет Хұсайновтың бірсыпыра пьесалары қазақ драматургиясының өрісін кеңейтті.

Соғыстан соңғы 1950—1960 жылдары пайда болған қазақ әдебиетінің зор табыстары есепті «Абаи жолы», «Сыр-Дария», «Миллионер», «Қарағанды», «Кең өріс», «Курляндия», «Оянған өлке», «Толқында туғандар» т. б. романдар бар.

Қазақ совет әдебиетінде көрінген кесек шығарма Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» мен «Оянған өлке» атты романдар. «Оянған өлке» романы қазақ қоғамының өткен ғасырдағы шындығын көрсететін көрнекті шығарма. ХІХ ғасырдағы Қазақстанның тарихи бейнесі, қазақ халқының басқа халықтармен араласуы, қазақ жерінде ашылған өндірістердің қазақ жұмысшыларының қалыптасуына ролі өте қонымды көрсетіледі.

Қарағанды өндірісінің жаңа кезеңін, советтік дәуірін суреттеуге арналған Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романы да жұмысшылар ынтымағын барынша шебер көрсеткен. Романда қазақ жұмысшыларының советтік дәуірі, алғаш көрінген жұмысшы табының өмірі мен ісі, ойы мен арманы ашылған. Халықтық өнеркәсіптік өсу қарқыны, жұмысшылардың психологиясы мен саяси санасындағы өзгеріс, болымды болашаққа аттаныстары бейнеленген.

Осы күнгі қазақ әдебиеті көп ұлтты туысқан совет әдебиетінің ең қадірлі сабынан орын алатынына ешкім шек келтіре алмайды. Әдебиетіміз көркемдік пен идеяның асқақ тұғырына көтерілді. Сол үшін қазақ халқы өзінің экономикалық жетістіктерімен ғана емес, жаңашыл әдебиетімен де, мәдениетімен де мақтана алады. Қазіргі қазақ әдебиетін тынысы кең, үлкен әлемді жасап жатқан, сол дүниелерінің асыл жемісін де бере бастаған ғұлама әдебиет десек те жаңылмаймыз. Егер Октябрь революциясына дейін төл әдебиетімізде әдебиеттің негізгі-негізгі күрделі жанрлары дамымаған болса, атап айтқанда, проза мен драма, ал революциядан кейін осылар небәрі санаулы жылдардың ішінде әдебиетімізден өз отауларын орнатып, соны көріністер жасай бастады. Мұ-

ның айқын белгілерінің бірі — әдебиетіміздің есімін әлемдік аренаға көтерген қазақ совет әдебиетінің классикалық туындысы болып есептелетін «Абай жолы» эпопеясы және осымен қарайлас дүниеге келген біраз көлемді-көлемді романдар мен повестер. Бұл еңбектер тарихи деректігіне қоса, нақты дәуір шындығы ұсынған ерлер бейнелерін жасауымен ерекшеленеді.

Қай ел, қандай халық болсын ол елдің өз басынан кешірген тарихы бар. Ол тарихы ізгі қасиеттерге де, ерлік істерге де толы.

Атадан балаға ауысып келген ежелден бергі қадірлі дәстүрінің бірі — өз елінің мүддесі үшін жан аямай күресіп өткен ардагер ұлдарының еңбегін қастерлей білу. Халқына қызмет етіп, елі үшін шыбындай жанын пидаеткен абзал азаматын қай ел сыйламас, қандай халық есінде ұстап, қадір тұтпас? Барша жұрт, қалың көп, қараша халайық тегіс күңіреніп жоқтар да, үзілген өзегіне дем беруге дайын, үміт артар, алға ұстап артынан ерер тулы тұлғасы да сол халқы үшін еңіреп туған ер емес пе?

Халық қаһарманын қатыгез хан да, май да тілді шешен би де, малы мен жанын пір тұтқан қара пейіл бай да, өз мүддесі үшін керек қып қадірлейді. Ал қайғы мен мұңды арқалап, тарихтың небір ауыр кезеңдерін басынан кешкен қалың бұқара, еңбек адамы — өмір иелері, сондай-ақ жүлде алған жүйрік өнерпаздар мен білімге құштар ғұлама қауым өздеріне тән адамгершілікпен ер есімдерін әрқашан ең қымбат асылындай ардақтайды. Атышулы азаматы боп өткен ұл-қыздарының есімін мәңгі ескеріп, торқалы тұлғасын қалтқысыз қастерлейді. Келешек ұрпақтың құлағына құяры да, оларға үлгі етіп ұсынары да сол халық қаһармандарының ізгі істері, асыл қасиеттері, адамгершілік, әділдік үшін таймас табанды күрескерлері болып қала береді.

Жылдар, ғасырлар өтер, не бір замандар мен қоғамдар алмасар бірақ асылдың ізгі ісі ұмытылмас. Оларды өлді деуге ешкімнің аузы бармас.

Халық қадіріне бөленген мұндай қаһармандар тарихтың төрінен орын алып қана қалмайды, олар ел ортасында, қалың жұрт қауымында бірге өмір сүре береді. Небір ақын-шешендердің тіліне тиек боп, жырына қанат бітіріп, өнер иелерінің алуан түрлі өрнегін тугызады. Сондай-ақ олардың жарқын бейнелері асқар биік диңгектей сүйікті халқының көз алдында тұрады.

Халық өз бойындағы талантын, өнерін сондай азаматтарының мәңгі бейнесін жасаудан ешқашан аянған емес. Есте жоқ ерте заманның алып күшті батырлары мен шешен тілді тапқыр ділмарлары, халық ертегілері мен аңыз-әңгімелерінен берік орын алып келді. Кейін, өнер өсе келе, ондай атышулы азаматтар атына қаһармандық дастандар жасалды. Кейбір ерлердің тұлғалары гранит тасқа қашалып, кескін-келбеттері мраморға ойылды. Осылайша, ерлер есімі халық есінде сақталып келді.

Ал біздің заманның батырлары ше? Әрине олардың да бейнелері мәңгі сақталмақ. Әсіресе, жер жүзінде ең бірінші рет бақыт таңын атқызып, езілген еңбекшілерге азаттық әперген асыл азаматтардың ерлік тұлғалары халық есінен кетер ме? Әлбетте кетуге тиіс емес. Ғасырлар бойы еңбек адамының басына албастыша төніп, күн шұғыласын бүркеп келген капитализмнің қара бұлтын алғаш серпіп, күн көзін біржола жадырата ашқан азаматтар бейнесі ерекше ескерілмек. Октябрь туын берік қадап, халықтың қанын сорған патшалықтың күлін көкке ұшырған, езілген ел көсемі В. И. Ленин және оның сенімді серіктері күн қаншалық өмір сүрсе, адамзат тарихында бұлар да соншалық өмір сүрмек.

Қазақ халқы да басқа халықтар сияқты елдік, ерлік дәстүрі бар тарихи халық, оның бойындағы таланттың да шегі жоқ. Сол шексіз талант туғызған өнер өрнегі өз тарихындағы атышулы азаматтарын жеткізе бейнелеп, олардың шынайы образдарын жасап келеді және жасай бермек.

Халық қамы үшін атқа мініп, оның қас жауы болған хан сұлтандарға қарсы толғай да толғай оқ атып, толарсақтан саз кешкен Сырым, Исатай, Махамбеттер өткен ғасыр оқиғаларын еске салар ерлер болса, олар туралы неше бір алуан халық жырлары туды. Атышулы ардагер азаматтар есімі мәңгі ұмытылмас халықтық образға айналып кетті. Бұлардан кейінгі жалғасып жатқан тарихи оқиғалардың әрбір ұлы кезеңдері ұсынған ел басы ер-азамат тұлғалары халық поэзиясына арқау боп отырды.

XX ғасыр басында қазақ жерінде болған ұлы бір оқиға 1916 жылғы қозғалыс. Бұл оқиғаның маңызы әркімге мәлім. Ұлт-азаттық сипаттағы ірі бір дүбір есепті. Қозғалыстың алдына қойған негізгі мақсаты тек Ұлы Ок-

тябрь революциясы арқасында ғана шешілді, елімізде болған азаттық үшін қозғалыс Октябрьге ұласып барып халқымыздың қолы бостандыққа біржола жетті. Октябрь туы астында еліміз азамат соғысы жылдарынан өтті. Қазақстанда да Совет өкіметі орнады. Сөйтіп, қазақ халқының мойнындағы бұғау шынжыры үзілді. Еркіндікке қолы жетті. Қазақ халқы теңдік алып, өз алдына отау тікті. Осы азат жылдар ішінде бұрын болып көрмеген биік сатыға көтерілді, бар салада да мол табысқа жетті. Бұдан елу жыл бұрын тіккен кішкене отау енді ұлы ордаға айналды. Орнықты ордамыздың өткен жолы жыл саны жағынан шағын болса да, тарихқа бай, соқтықпалы шатқалы көп, жаңалық үшін күрес жылдары болды.

Осы ғасыр мерзімі ішінде еліміздің өткен жолын еске алсақ, ең алдымен еске түсетін, Совет үкіметін орнату үшін күрес жылдары. Ескі дүниені түп орнымен төңкеріп тастап, жаңа дүниені орнату жолындағы ерлік күрестер кезеңі. Дәл осы шешуші айқастар кезінде қанды жорыққа ел бастап, жан аямай күрескен ерлер есімі. Елін ерлік іске үндеген саналы революционерлер мен коммунистердің алып тұлғалары.

Совет өкіметін орнату жолында жұмысшы мен шаруа табын бастап шыққан пролетариат көсемі В. И. Ленин және коммунист партиясының көрнекті қайраткерлері, ірі қолбасшылары. Олардың ішінде азамат соғысының қаһармандары: Ворошилов, Фрунзе, Куйбышев, Дзержинский, Буденный, Чапаев, Щорс т. б. есімдері әркімге мәлім. Осылар қатарлас сол кездің ұлы шайқастарында аты шыққан азаматтар әрбір совет республикасында бар. Қазақ елінде де Совет өкіметі үшін күрескен ерлер аз емес еді. Аманкелді Иманов, Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокин, Әбдірахман Әйтиев, Айғыз, Ораз т. б. толып жатқан революционерлер. Бұлар Россия большевиктерімен қоян-қолтық бірлесе отырып, іс қылды. Ұлтшыл-буржуазияшыл топтың революцияға қарсы күрестеріне тойтарыс берді. Өз елінде Совет өкіметін орнатты.

Тарихи маңызы зор істе көрінген күрескерлердің есімі совет халқының есінде мәңгі сақталып, олардың сүйкімді тұлғалары әрбір азаматтың кеудесінен берік орын алады. Тарих таңын адам көзіне алғаш көрсеткен таң шолпанындай танылып, олардың жарқын бейнелері

өскелең өнеріміздің әрбір саласынан көрнекті орын тебеді.

1916 жыл оқиғасынан бастап, Совет өкіметін орнату үшін күресте ерекше көрінген қазақ күрескерлерінің бірі Аманкелді Иманов. Қазақ халқының Аманкелдіге деген ниеті сол күрес кезінің өзінде-ақ айқын танылды. Халық өз ішінен шыққан адал ниетті батырының соңынан еріп, жауына қарсы батыл күш көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге, сүйікті батырына арнап жырлар да шығарып жатты. Он алтыншы жыл оқиғасы кезінде туған поэзияда Аманкелді бейнесі ерекше көрінеді. Әсіресе Күдері, Омар, Нұрқан ақындар Аманкелді сарбаздары қатарында жүріп, өздерінің ең жақсы өлеңдерін көтерілісті және оның басшысы Аманкелдіні суреттеуге арнады. Аманкелдінің ерлік бейнесін мүсіндерге жасалған алғашқы қадам да осы халық ақындары шығармаларынан басталады. Бұл ақындар өздерінің толғау-дастандарында Аманкелдінің ерлік, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін шабыттана жырлады. Қазақ еңбекшілерінің батырға деген сенімін ақындар дұрыс көрсетіп, ұлы қаһарман бейнесін ардақтады.

Халық ақыны Иса Дәукебаев Жетісу қазақтарының 1916 жылғы қозғалысын бастаған Бекболат батырды жырлады. «Бекболат» атты дастан шығарды. Бекболаттың алған бетінен қайтпайтын табанды батыр болғанын танытты. Осы сияқты 1916 жыл оқиғасын жырлаған ақындар көп болды. Сөйтіп осы 1916 жыл әдебиетінде алғаш рет революционерлер бейнесі жасала бастады.

Осы бір кезең күресін Кенен Әзірбаевтың «Әли батыр» поэмасы да бейнелейді. Бұл поэмада Жетісу жеріндегі азаттық күрестің бір кезеңі ерекше шабытпен жырланады. Ақын өзі көрген шындықты өте әсерлі баяндап, Әли батырдың тамаша тұлғасын жасайды.

Сөйтсе де Совет үкіметі үшін күрескен ерлер бейнесін жасау проблемасын түбегейлі шешкен тек Совет әдебиеті—қазіргі әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері ғана.

Октябрь революциясын жырламаған, оған үн қоспаған ақын болған жоқ. 20 жылдардағы поэзиямыз, түгелдей Октябрь революциясы мен Совет өкіметін сүйсіне жырлаған поэзия. Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбиттерден бастап қазақ совет жазушылары революция идеясы туын көтерді. Совет үкіметі жеңісін жырлаумен қатар қазақ поэзиясы В. И. Ленин бейнесін жасауды қолға

алды. Ақындар көсем оқуының қоғамдық мәнімен дүние жүзілік маңызын орынды атап, оның данышпандық істерін ардақтады.

Қазақ ақындары Чапаев пен Аманкелдіні айырықша жыр етті. Оларды бір кісідей тұтып, бірінен бірін көп бөлшектемей, «Біздің Чапаев, ол Аманкелді» — деген ұғым туғызды. Бұл екі батырдың бөлшектенбей, халық ұғымында бір кісідей түсінік беретін біраз себептері де бар. Олардың екеуі де қазақ жерін, халқын азат етуші, сол жолда қазақ топырағында қаза тапты, жерленді. Екеуі де халықтан шыққан батыр болды. Халықпен бірге өсіп, бірге қайнады.

Чапаев, қазақтағы Аманкелдім,
Аңсаған азаттығын қалың елдің...
Дидары нұр, сөзі мір,
Еңбекші елден туған бір,
Аманкелді батыр ұл... (Омар Шипин)

Омар мен Нұрқан өлеңдерінде Әліби Жанкелдиннің тұлғасы да жарқын бейнесін табады. Лениннен жолдама алып, елін азат етуге күш салған қызыл комиссар Әліби істеріне сүйсінген жыраулар оған ең жақсы сөздерін арнап отырды.

Данышпан қолын созып күн шығысқа,
Қорықпа,— деді — жаудан, тіпті ығыспа.
Барып оят, күреске баста елiндi! —

деп, Нұрқан ақын Лениннің Әлібиге берген наказын баян етеді. Омар Әлібиге арнаған өлеңінде, оның өмір жолын айта келіп Ленин идеясына шын берілген адам екенін ескертеді.

Есінен кемшілігі кетті Әлібидің,
Лениннің ақылына жаны ұйып.

Әлібиді Совет әдебиетінің көрнекті өкілдері ерте жыр қылған еді. Мысалы, Ілияс Жансүгіровтың «Даласының» біраз жерінде Әліби суреттелген-ді. Ол: «Жаңа дүние жұлдызы,— Бұл Әліби азулы»,— деп бейнеледі.

Қалмақан Әбдіқадыров та Әлібидің революциялық қызметін ардақтаған-ды. Ол Әлібиді қазақтың алғашқы Лениншіл большевигі ретінде танытты. Қазақ комиссарының тарихи ролін жоғары бағалады.

1930 жылдарда қазақ прозасы дами түсті. Оның көлемді түрлері — роман, повестер пайда болды. Әдебиеті-